


У 2008

394



Жарықасын Аманұлы

Ақын да мен,
сал да мен, сері де мен






Гасырлар уні

Жарықасын Аманұлы

Ақын да мен, сал да мен, сері де мен



ИЗДАТЕЛЬСТВО Алматы
ӨНЕР 2007
БАСПАСЫ

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөне мұрагат комитетінің бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр*

Аманұлы Ж.

Ақын да мен, сал да мен, сері де мен. — Алматы: “Өнер” баспасы, 2007. — 96 б.

ISBN 970-601-209-021-5

Тындаушысын күйге бөлеп, дарқан даланы өнімен тербетіп, сөз маржанынан жыр тудырған таланттар халқымызда аз емес.

Халық ақындары, әйгілі өнші-сазгерлер, ел еркесіне айналған сал-серілер — бертінгі: Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолак, Кенен, Дәурен сал дәстүрін ілгері дамытқан, бұрынғы бесаспап тұлғалардың жолын бек ұстанған — осы заманғы халық таланттарының бірі — Жарылқасын Аманұлы.

“Ақын да мен, сал да мен, сері де мен” — Ж.Аманұлының музыкалық жанрда шыгарып отырған тұңғыш жинағы. Ақын, өнші, сазгердің бұл кітабына оның отыз өні, алты күйі енгізілп отыр. Әрбір ән-күйдің шығу тарихын да автор өзі баяндайды.

Жарылқасын Аманұлының “Ақын да мен, сал да мен, сері де мен” атты бұл еңбегін біз музыкалық білім беретін орта және жоғары оку орындарына, музыка және сөз өнері мамандарына, зерттеушілер мен өнер қазынасын қастерлеп келе жатқан халқымыздың алдыңғы және кейінгі үрпағына ұсынамыз.

“Өнер” баспасы

A 4905000000
00(05)-07

ББК 85.315. 3

ISBN 970-601-209-021-5

© Аманұлы Ж., 2007
© “Өнер”, 2007
© Қөпіш Ә., (безендіру) 2007

ХОЗАСЫЗХОЗХОЗХОЗХОЗХОЗХОЗХОЗХОЗХОЗ

АЛҒЫСӨЗ

Казақ өнерінде халқымыздың шексіз құрметіне бөленген сазгер сал серілер “Серілердің серкесі” атанған, бүкіл қазақ елі Сегіз Сері атап кеткен Мұхаммед-Қанафия Банрамұлы, Біржан сал, Ақан серілер өмірге өте сирек келетін біртума дарындар болса, өздері шығарған күйлерімен әлемді күніренткен Құрманғазы, Тәттімбет, Тоқа, Дәүлеткереи, Қазанғаптар халқымыздың бағына туған мақтанышы, қайталанбас дарын иелері. Мен осы ұзақ ғұмырымда талай-талай өнер адамдарымен дәмдес, сырлас болған кісімін.

Жастайымнан ән мен қүйге бөленіп өстім. Өзім де біршама Арқаның атакты сал серіле-рінің әндерін шырқап салатын кездерім болған. Жасым 90-нан асса да көңілді отырыстарда Біржанның, Ақаның әндерін әлі де айтып қоятын әдетім бар.

Бір күні телаарнадан “белгілі ақын Жарылқасын Аманұлының ән мен қүйлерін береміз” деген хабарға назар салғанымда экраннан өте көрікті, сұлу сақал мұртты азаматты “акын, сазгер, қүйші, зергер, шебер Жарылқасын Аманұлы” деп, қасындағы ашаң жүзді сымбатты келіншекті “белгілі әдебиет сыншысы, әрі мәдениеттанушы Әлия Бөлжанова” деп таныстырды да хабарды жүргізуші жігіт ән мен қүйге кезек берді.

Ақын Жарылқасын Аманұлы өзі шығарған “Ғұмырнама”, “Әттең-ай” күйлерін тартып шықты. Хабарды жүргізуші жігіт: “Сегіз қырлы, бір сырлы ағамыздың әндерін тындаңызыдар” деді.

Белгілі әнші қызы Ардақ Исатаеваның орындауында Жарылқасынның “Ақын да мен, сал да мен, сері де мен” әні жан дүниемді тебірентіп жіберді. Көз алдымға өткен күндер-

дің елесі келді, өткен күндер түсті. Тілім жа-зықты болмасын “япырмау мынау нағыз Біржанның өзі ме, әлде көзі ме” дегпін дауыстал.

Асқақтата шырқалып айтылатын әннің сөзіне назар салайық,

“Ақын да мен, сал да мен, сері де мен,
Отті жастық серілік желігімен.
Бота көзің боталап қарай бердің,
Сарыарқа, сардаламның елігі ме ең
сәулем-ай.

Отті жастық дәурен-ай” —

деп мың құбылған ән біресе көңілді көкке көтерсе, біресе тұла бойынды балдай балбыратады.

Ардақ Исатаеваның орындауында тағы да Жарылқасынның “Аққудың құміс қанат көгілдірі” деген кең тынысты, нәзік сезімге толы әнін тыңдап, халықтық дәстүрдегі асқақ әсем үнді өнердің жалғасын тапқанына, мәңгі жасай беретініне шүкіршілік жасады.

Шырқау биікке көтеріліп әсем назды үнмен тербелген “Аққудың құміс қанат көгілдірі” әніне жазылған ақынның сөзі де ешкімді бей-жай қалдырмайды екен. Әсем әннің сөзі де әсем болғанға не жетсін.

“Аққудың құміс қанат көгілдірі,
Өзіңсің көзім нұры, өмір гүлі.
Жалтұ етіп жанарынан үшқан үшқын,
Жүректен жыр маржанын төгілдірді” —

дейді.

Әнгеге ән жалғасты. Өзгеше сазды ашық дауысты Сайра Тұрғанованың орындауында Жарылқасынның “Аққұым, айдыныңда еркелегін”, “Қалқам-ай”, “Ақкербез аққу мұ-



сіндім” өндері жанымды жадыратып, ризашылық сезімге бөледі. Сөзіне әні сай — әніне әншілері сай, естен кетпес бір құннің күәгері болып, ләззатына мейірім қанды.

Жарылқасының өзгеше ойшыл, сыршыл дарынды лирик ақын екенін дана Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының туылған күніне арналған жыл сайынғы “Адамзаттың Абайы” поэзия мерекесінде оқыған өлеңдерінен біліп, сезіп жүретінмін, бірақ өн-күй шығаратынын, зергерлікпен, шеберлікпен айналысатынын білмейтін едім.

Телеарнадан Жарылқасын Аманұлының өзі жасаған домбырасын, домбыра қабын, өзіне лайықтап тіккен бас киімін, костюмінің түсіне лайық келетін маталардан тігілген галстуктерді көрсетті. Бас киімдері де әртүрлі. Аң терісінен, барқытпен тігілген, өзі ойлап тапқан өзгеше улгіде.

Зергерлік өнерімен жасалған мұліктері де көз жауын алады екен. Әртүрлі тас орнатып жасаған кітап қаптары, пышақ қындары, насыбай шақшалары, сыртын қайыспен өрнектеген құтылар тағы басқа заттарға таңғалмай қарау мүмкін емес. Бір адамның бойындағы осыншама қасиетке қалай таңқалмассың. Хабар жүргізуші жігіт: “Ендігі

кезекті ақынның өлеңдеріне берейік” деді. Бір жапырақ қағазға қарамай, ешқандай мұдірмей жатқа төгілдіре оқыған ақын өлеңдерінен бойыма күш-куат алып, поэзия құдіретіне еріксіз бас идім.

Осы күннен бастап іштей жаныма жақын тартқан ақын ініммен бірнеше рет дастар-қандас болып, өлеңдерін, әндерін, күйлерін тыңдал, өзі тіккен киімдерін, зергерлікпен жасалған заттарын көрдім. Ешкімге үқсамайтын, жасандылығы жоқ, жалғандығы жоқ нағыз дарын иесін тани білу, бағалай білу, адамның адамгершілік қасиеті. Жарылқасын Аманұлындағы өнерлі жандар көп болса еліміздің мәртебесі бұдан да биіктей берер еді-ау деген ойға қалдым. Бірақ, мұндай жандар өте аз, тіптен жоқтың қасы.

Таза өнер адамдарының киелі болатыны, киесі болатыны халқымызға ертеден мәлім, белгілі жай. 1990 жылдардың басында Республикалықдағы тұнғыш мұсылман газеті “Ислам шапағаты” басылымына Бас редактор болған, сол жылдары алғашқы “Ақ бата” кітабын жазған Жарылқасын Аманұлының бойындағы өзгеше қасиеттерді байқаған жайым бар. Меккеге қажылыққа аттанғандар, шет елге үзақ сапарға аттанғандар, мешіт салғандар, той, тағы басқа жын өткізгендер Жарылқасыннан бата алушы үрдіске айналдырып жатыр. Аузынан Алласы түспейтін, аспайтын-таспайтын, жалғандыққа жаны қас ақын бірде:

“Алла маған өлеңнің өртін берді,
Сөздің кесел жазылмас дертін берді.
Жарты сөз жалған айтпас,
Жалғандыққа жарты қадам баспайтын,
сертім еді”, —
дегені бар.

Жалған атаққұмарлықтан, өзін-өзі наси-хаттаудан, дарақылықтан бойын аулак салып қашып жүретін ақын “Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда” деген данышпан Абай сөзін еске алып, “екі етегі далақтап, екі көзі алақтап” атын шығарудың жолында әлекке түсіп жүрген кейбір жандарға ренжігені де бар.

“Атаққұмар жандардың аз болмайды әлегі,
Құдай басқа бермесін ондай кесел пәлені.
Ат шығару жолында арын аттап,
ант бүзган,
Жазылмас бұл ауруға кімнің қандай
бар емі?
Ой өрісі өредей қыр аспайтын
қырттар-ай,
Перғауын мен Пайғамбар болуға
да дәмелі”, —

деген Жарылқасын Аманұлының сөзі қазіргі
өсіп келе жатқан жастарымызға ой салуға
“ұлық болсаң кішік бол”, “әсем болсаң пәсең
бол” дегенді ескертеді. Сегіз қырлы, бір сырлы
ақын туралы айтар ойларымды қоғам

қайраткері көп жылдар ғылым академиясында
істеген, Қазақстан Орталық партия коми-
тетінде жауапты қызметте болған, Мұхтар
Әуезовтің жетегінде өскен, бұл күнде жасы
80-нен асқан ғалым Құлжа Бекен Жұмағали-
ұлының “Сто лет любви” кітабындағы
Жарылқасын Аманұлы туралы жазған мына
сөздерімен аяқтаймын. “Жарылқасын Аман-
ұлы поэт, композитор. Последний Сал-Сері
(рыцарь) советской эпохи, Львинае Сердце”.
Мен Бекен Жұмағалиұлының бұл сөзіне толық
косыламын.

Арыстанбеков Хайдар
Арыстанбекұлы,
академик, мемлекет қайраткері.



Ақын да мен, сал да мен, сері де мен

“Ақын да мен, сал да мен, сері де мен” өні — Біржан сал, Ақан сері әндеріндегі аспандата асқақ дауыспен айтылатын өн.

Бұл өнді бүрынғы сазгерлердің ырғағындағы дүниеге келген бірінші өн деп айтуға болады.

А - қын да мен, сал да мен, се - ри де
мен От - ті жас - тық се - ри - лік
же - лі - - - гі - мен бо - та - кө - зің
бо - та - лап а - хая ка - рай бер - -
диң сар - да - ла Са-ры/ар-қа - ның
е - лі - - - гі ме - ен сәу - ле
От-ті/ay жас - тық дәу - рен - ай!

Ақын да мен, сал да мен, сері де мен,
Өтті жастық серілік желігімен.
Бота көзің боталап қарай бердің,
Сардала, Сарыарқамның елігі ме ең, сәулем-ай?
Өтті жастық дәурен-ай.

Жанарыңың сыр жатыр тереңінде,
Толғандырган өнім бе, өлеңім бе?
Кірпігіңнен шоқ бүркіп, от шарпыдың,
Өртенсем оңайлықпен сөнемін бе, сәулем-ай?
Өтті жастық дәурен-ай.

Мен де бір Алатаудың бұлбұлымын,
Бәрі ақын, бәрі сері ұл-қызының.
Бір күнін мың күн жырлар өтті-ау жастық,
Болар ең сен де бірі жұлдызымың, сәулем-ай.
Өтті жастық дәурен-ай.

Қалқам-ау

“Қалқам-ау” әні — жастық шақты сағынудан, бірге өскен құрбы-құрдастарды “қандай күйде екен” деп, ойлаудан шыққан ән.

Ка - лың қа - лай, қал - қам ау
ка - лың қа - лай?
Ақ бо - зым - ның си - пап
ен жа - лың та - лай, қал - қам - ау
қай - сы бі - рін ай - там - ау
қай - сы бі - рін
әзің ға - на
Аң - са - ға - ным ар - маным
өз - гер - се де ба - сым -
- нан бол - ған та - лай, қал қам - ау
қай - сы бі - рін ай - там - ай
қай - сы бі - рін
ай - там - ау
Кө - ңі - лім - де қа - яу мұн
ке - ңі - лім - де қа - яу мұн
са - ғын - дың ба, а - яу - лым?
Күс - тай ұ - шып же - ту - ге
ак - бо - зым жоқ жа - яу - мын.

Қалың қалай қалқам-ау, қалың қалай?
Ақбозымның сыйпал ең жалын талай қалқам-ау.

Қайсы бірін айтам-ау,
Қайсы бірін айтам-ау.

Аңсағаным арманым өзің ғана,
Өзгерсе де басымнан бағым талай қалқам-ау.

Қайсы бірін айтам-ау,
Қайсы бірін айтам-ау.

Кайырмасы: Көңілінде қаяу мұн,
Көңілімде қаяу мұн,
Сағындың ба, аяулым.
Құстай ұшып жетуге,
Ақбозым жоқ, жаяумын.

Жаз жайлауы жастықтың қысқа айналды,
Откен ғұмыр бұлынғыр түске айналды қалқам-ау.

Қайсы бірін айтам-ау,
Қайсы бірін айтам-ау.

Қырау шалмас қияғың — қызыл қыран,
Атағы жоқ, аты жоқ құсқа айналды қалқам-ау.

Қайсы бірін айтам-ау,
Қайсы бірін айтам-ау.

Кайырмасы.

“Ұмытты” деп, қалқам-ау күрсінбегің,
Жүрегің боп күрсінсең дүрсілдермін қалқам-ау.

Қайсы бірін айтам-ау,
Қайсы бірін айтам-ау.

Көрмегелі ай өтті, жылдар өтті,
Хабарымды осы әнмен білсін дедім қалқам-ау.

Қайсы бірін айтам-ау,
Қайсы бірін айтам-ау.

Кайырмасы.

Тұған жер

“Тұған жер” әні де асқақ дауыспен өзгеше, тебіреніспен айтылатын ән.

The musical score consists of eight staves of music in common time (indicated by 'c') and G major (indicated by a sharp sign). The lyrics are written below each staff in Kazakh. The lyrics are:

Тер - бей тер - бей те - ні - зін Са - фы - ныш - тың,

Са - фы - ныш - тың сар - (ы)да - ла - ның сар - фай - фан

ка - фын іш - тім - oy Ту - фан жер

Кін - дік ке - сіп кір жу - ып

өс - кен ел - ге, өс - кен ел - ге құс бол - фын - да

жү - ре - гім а - лып үш - қын

ту - фан жер Ал - тың бе - ci -

тім Кін - ді - гім - ді бу - фан жер

Тербей-тербей теңізін сағыныштың, сағыныштың,
Сардаламның сарғайған қағын іштім, туған жер.
Кіндік кесіп, кір жуып өскен елге, өскен елге,
Күс болғанда, жүргегім, алып ұшқын, туған жер.

Қайырмасы: Алтын бесігім, кіндігімді буған жер.

Атақоның жетейін мекеніме, мекеніме,
Бетім басып жатайын етегіне, туған жер.
Ата-анамның үйінің орнын тауып, орнын тауып,
Аунайыншы жатқан жер төсегіне, туған жер.

Қайырмасы: Алтын бесігім, кіндігімді буған жер.

Құшагыма, туған жер, сиясың ба, сиясың ба?
Түйіп алсам торқаңнан қиясың ба, туған жер?
Құсың құрлыш болмадым кешір мені, кешір мені,
Жылына бір келетін ұясына, туған жер.

Қайырмасы: Алтын бесігім, кіндігімді буған жер.

Бұлбұлым

“Бұлбұлым” әні студенттік шақтағы бір бейнені көзге елестетіп елжіреуден туган ән.



Сағын-дырып сан жыл-ғы өт - кен - дер - ді

сен-сіз та - ғы ай - на - лып кек - тем кел - ді

бұл - - - бұлбұлым Ел - жі - ре - тіп жа - ным - ды

Ай - ма - лай - ды кек - тем - дер - дің

сен бо - лып өт - кен ле - бі бұл - - - бұлбұлым

бұл - - - бұлбұлым бұл - - - бұлбұлым

бұлбұлым Кө - рін - бей - ді кө - - - гім - нен

қай - да се - нің жүл - - - ды - зың?

Сағындырып сан жылғы өткендерді,
Сенсіз тағы айналып көктем келді — бұлбұлым.
Елжіретіп жанымды аймалайды,
Көктемдердің сен болып өткен лебі — бұлбұлым.
Бұлбұлым, бұлбұлым,
Көрінбейді көгімнен, қайда сенің жүлдізың?

Жүлдізың мен жүлдізыым қатар еді,
Бір-біріне нұр сәуле шашар еді — бұлбұлым.
Біз екеуміз аралап гүлзар бақты,
Арман таңы арайлап атар еді — бұлбұлым.
Бұлбұлым, бұлбұлым,
Көрінбейді көгімнен, қайда сенің жүлдізың?

Сенсіз таңым сарғайып атар емес,
Елесің де ешбір тіл қатар емес — бұлбұлым.
Сені іздел пейіште жүр шығармын,
Ас та, су да бір түрлі батар емес — бұлбұлым.
Бұлбұлым, бұлбұлым,
Көрінбейді көгімнен, қайда сенің жүлдізың?

Аққудың күміс қанат көгілдірі

“Аққудың күміс қанат көгілдірі” әні сүйсінуден туындаған асқақ дауыспен айтылатын ән.

The musical score consists of eight staves of music. The lyrics are written below each staff:

- Staff 1: Ақ - қу-дың кү - міс қа - нат кө - гіл - ді - ri
- Staff 2: Θ - зін - сіз ке - зім нұ - ры ө - мір гү - лі
- Staff 3: ө - мір гү - лі ө - зін - сіз ө - зім нұ - ры
- Staff 4: ө - мір гү - лі Жарк е - тіп жа - на -рың - наң
- Staff 5: ұш - қан ұш - кын жу - рек-тен жыр мар - жа - нын
- Staff 6: тө - гіл - дір - ді тө - гіл - дір - ді
- Staff 7: жу - рек-тен жыр мар - жа - нын тө - гіл - дір - ді.

Ақкудың күміс қанат көгілдірі,
Өзіңсін көзім нұры, өмір гүлі.
Жарқ етіп жанарынан үшқан үшқын,
Жүректен жыр маржанын төгілдірді.

Батылым жетпей койды-ау тілдесуге,
Өзіңмен тілсіз жүрек үндесуде.
Тербетіп тылсым ғалам дүниені,
Белгісіз саған бір жан күн кешуде.

Жүректің жыры, сыры, салған өні,
Өзіңе өмір гүлім арналады.
Бір жүріп елесіңмен бірге тұрып,
Көңілім алабұртқан алданады.

Ақмарал

“Ақмарал” әні алысқа түрмисқа шығып кеткен қызымды ойлаудан, қимастықтан, сағыныштан тұған асқақ дауысты ән.

Ak - ma - ral се - ні/ойла - сам бай - лау - да - ғы
жан - дай - мын Жау қо - лын - да ай - дау - да - ғы
жа - рал - ған жат жүрт - тық - қа кар - лы - га - шым
Ба - сың - наң қыз қү - нің - нің ба - сың - наң қыз қү - нің - нің
ба - сың - наң қыз гү - лің - нің тай - дау ба - ғы Ақ - ма - рал ер - кем - ай.

Ақмарал, сені ойласам, байлаудағы,
Жандаймын жау қолында айдаудағы.
Жаралған жат жұрттыққа қарлығашым,
Басыңнан қыз күніңнің,
Басыңнан қыз күніңнің,
Басыңнан қыз гүліңнің тайды-ау бағы,
Ақмарал еркем-ай.

Ақмарал, сені қалай жоқтамайын,
Жаныма жанарапыңнан от қалаймын.
Оралмас жыл құсындай кеттің ұшып,
Деп пе едің бір арманы,
Деп пе едің бір арманы,
Деп пе едің бір ардағы боп қалайын,
Ақмарал еркем-ай?

Ақмарал, сен есімде қалдың мәнгі,
Кадалып елесіңе көзім талды.
Сағынсан ұшқан ұя, туған жерді,
Жаныңа жұбаныш ет,
Көңіліңе қуаныш ет осы өнді,
Ақмарал еркем-ай.

Ақкөрбез аққу мұсіндім

“Ақкөрбез аққу мұсіндім” әні тебіреніспен айтылатын өзгеше назды, өсем үнді ән.

The musical score consists of ten staves of music with lyrics in Kazakh. The key signature is mostly G major (no sharps or flats). The time signature varies between common time (4/4), 3/4, and 6/8. The lyrics are as follows:

Көз ал-дым-нан ди - да - рың ке - тер
 е - мес Се - ні/ой - ла - май бір кү -
 нім ө - тер е - мес Ақ кер - без
 ак - ку мұ - сін - дім Қас сұ - лу - ы қа - зак -
 тың көп бол - - - - са - да
 Бір ө - зі - не еш - бір жан же - тер
 е - мес. Ақ кер - без ак - ку мұ - сін -
 дім жу - ре - гің - нің лу - пі - лін
 айт - па - сан - да ту - сін - дім Ақ кер - без
 ак - ку мұ - - - сін - - - дім.

Көз алдынан дидарың кетер емес,
Сені ойламай бір күнім өтер емес.
Ақкербез аққу мұсіндім.
Қас сұлуы қазақтың көп болса да,
Бір өзіне ешбір жан жетер емес.
Ақкербез аққу мұсіндім,
Жүргіңің лупілін.
Айтпасаң да түсіндім,
Ақкербез аққу мұсіндім.

Атқан тандай айналдым ажарынан,
Қалай таса боларсың назарымнан.
Ақкербез аққу мұсіндім.
Айдай болып алдынан шыға келдің,
Қайтар шақта бал өмір базарынан.
Ақкербез аққу мұсіндім,
Жүргіңің лупілін.
Айтпасаң да түсіндім,
Ақкербез аққу мұсіндім.

Бармағымды бастырдың азуыма,
Амал бар ма тағдырдың жазуына.
Ақкербез аққу мұсіндім.
Сені ойласам балбырап, балдай еріп,
Сені көрсем елтимін наз буыңа.
Ақкербез аққу мұсіндім,
Жүргіңің лупілін.
Айтпасаң да түсіндім,
Ақкербез аққу мұсіндім.

Аққұым, айдынында еркелегің

“Аққұым, айдынында еркелегің” — бұл ән жұбайым Күмісқұлға арналған нәзік сезімді толқынды, ырғакты ән.

К-сы:

Ак - ку - дай нет - кен жа - ным көр - кем е - дін!

Көр - кі - не кө - зім түс - се, өр - те - не - мін

Жұл-ды - зы жар - қы - ра - ган қан - дай жан - ның

жа - ры - /е - дін жұ - пары /е - дін жа - ры /е - дін жұ - пары /е - дін?

дін өр - ке - ні/е - дін Не - де - ген көр - ке - мі/е - дін?

көр - кің - нен өр - - те - не - мін

Ақ тол - қын ай - ды - ның - да ак тол - қын ай - ды - ның - да

да Ақ - ку - ым ер - ке - ле - гін, а - хоу

Ақ - ку - ым ер - - ке - ле - гін.

Аккудай неткен, жаным, көркем едің,
Көркіне қозім түссе өртенемін.
Жұлдызы жарқыраган қандай жанның,
Жары едің, жұпары едің, өркені едің?

Қайырмасы: Не деген көркем едің,
Көркінен өртенемін.
Ақ толқын айдынында,
Ақкуым еркелегің,
А-хо-о-оу, аккуым, еркелегің.

Қанат қып қос өкпемді ұшамын да,
Сезімнің саған жетем құшағында.
Көзімді жұмып тұрып көрем сені,
Ақкуым, елесінді құшамын да.

Қайырмасы.

Ақкуым, саған қолым жетер ме еken,
Махаббат бар деген сөз бекер ме еken?
Жұбаныш жанарындан тапқан, жаным,
Жадырап жаздай болып өтер ме еken?

Қайырмасы.

Дарига – дәурен

“Дарига – дәурен” өнінің сөзі де, өні де философиялық ойға құрылған, өмірге құштарлықтан туған ән.

The musical score consists of five staves of music in 4/4 time with a key signature of one sharp. The lyrics are written below each staff:

Te - ніз - дей ме - ні тер - бе-ген а - сыл

ар - ма - ным Ар - ман -dap қан - ша

сар - ға - йып ат - ты таң - да - рым Біл-дір-мей өт - ti/ay

а - ла - пат се - зім әл - ди - леп Қызық - ты күн -

нің сүм - бі - ле түн - нің жал - га - нын.